

**С.С. Мургабаев** , **Б.С. Сиздиков\*** 

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

\*e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

## **ҚАРАТАУ ЖОТАСЫ ҚАРАКӨЗ (ШИМАЙЛЫ) ҚОРЫМЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Бұл мақалада Үлкен Қаратау жотасының Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданына, Шалқия ауылынан 20 км солтүстік-шығыста орналасқан Шимайлы жартас суреттері бар нысанмен ортақ бір кешен болып табылатын, ерте темір кезеңімен мерзімделетін Қаракөз қорымындағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі болып отыр. Қазіргі таңда бұл қорымдағы үш обада қазба жұмыстары атқарылды. Зерттеудің негізгі мақсаты жерлеу нысандарының орналасуы мен құрылымдық ерекшеліктері, типологиясы, жерлеу дәстүрі, материалдық кешенін сол кезеңдегі тұрғындардың дүниетанымы аясында зерттеу болып табылады. Ғылыми саралаудың негізінде заттай деректер мен жерлеу дәстүрінің таралу аймақтары мен кезеңдерін анықтау. Зерттеудің әдістемелік негізі археология саласында қалыптасқан дәстүрлі салыстырмалы әдіс пен бірге жаратылыстану ғылымдарының нәтижелері арқылы (AMS 14S радиокөміртектік) ескерткіштің абсолюттік мерзімін анықталып отыр. Сынама тікелей №3 обада жерленген адам қаңқасынан алынып отыр. Обаның бүлінбей сақталуы жерлеу орнынан табылған кейбір бұйымдардың қойылу тәртібін анық көрсетіп отыр. Жерлеу орындарына қола айна, құрбандық тас, сырға, жебе ұшы, қылыш және сыз ыдыстардың қойылуы ерте темір дәуіріндегі діни-идеологиялық ұғымдардың күрделілігін жаңа қырынан көрсетеді. Радиокөміртектік талдау нәтижелері мен заттай деректерге сүйене отырып жерлеу орындардың б.з.д. IV–II ғғ жататындығы анықталды. Зерттеу қорытындылары Қаратау өңірінде ерте темір дәуірінде мекендеген тайпаларының жерлеу дәстүрі мен дүниетанымын тереңірек түсінуге маңызды ғылыми үлес қосады.

**Түйін сөздер:** Ерте темір дәуірі, Қаракөз қорымы, Қаратау жотасы, оба, жерлеу ғұрпы, арғы өмірлік ас, қола айна, құрбандық тас, археология.

S.S. Murgabayev, B.S. Sizdikov\*

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

\*e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

### **Results of archaeological investigations at the Shimaily (Karakoz) burial ground of the Karatau range**

This article deals with the results of the archaeological excavations at the Karakoz burial ground (cemetery), dated to the Early Iron Age, which is part of a complex together with the Shimaily rock carvings, located 20 km northeast of Shalkiya village, Zhanakorgan region, Kyzylorda oblast, in the Greater Karatau ridge. Excavations have currently been carried out on three burial mounds (kurgan). The main goal of the research is to study the burial objects, structural features, typology, burial tradition, and material complex in the context of the worldview of the ancient inhabitants of the region. Based on scientific analysis, the study aims to determine the distribution areas and chronological periods of the material evidence and burial customs. The methodological basis of the research relies on the traditional comparative method widely used in archaeology, together with the results of natural sciences, (AMS 14C radiocarbon analysis), the absolute age of the monument has been established. The sample was taken directly from the human skeleton buried in Mound No. 3. The preservation of the burial mounds (kurgan) allowed for a clear determination of the arrangement order. The presence of bronze mirrors, sacrificial stones, earrings, arrowheads, swords, and ceramic vessels within the graves indicates the existence of complex religious and ideological concepts among the inhabitants of the region during the Early Iron Age. The results of radiocarbon analysis, together with the grave goods, allow the burial complexes to be dated to the 4th–2nd centuries BC. The materials obtained make a significant contribution to a deeper understanding of the funerary traditions and worldview of the tribes that inhabited the Karatau range in the Early Iron Age.

**Keywords:** Early Iron Age, Karakoz burial ground, Karatau Range, burial mound, burial rite, food for the afterlife, bronze mirror, sacrificial stone, archaeology.

С.С. Мургабаев, Б.С. Сиздиков\*

Международный казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави, Туркестан Казахстан

\*e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz

### Результаты археологических исследований на могильнике Шимайлы (Каракоз) хребта Каратау

В статье рассматриваются результаты археологического исследования могильника раннего железного века Каракоз, образующим единый комплекс с петроглифами Шимайлы, расположенным в 20 км на северо-восток от села Шалкия Жанакурганского района Кызылординской области. В настоящее время здесь проведены раскопки на трех курганах. Основная цель исследований – изучение погребальных объектов, особенностей конструкций, типологии, погребальной традиции, материального комплекса в контексте с мировоззрением древних насельников региона, на основе научного анализа определить ареал распространения материальной культуры, погребальной традиции и хронологию комплекса. С помощью традиционно сложившихся в археологической науке методов сравнительного анализа и результатов естественных наук (радиоуглеродный AMS 14S анализ) был установлен абсолютный возраст памятника. Образцы для анализа взяты непосредственно из останков погребенного в кургане №3. Сохранность кургана позволила ясно определить порядок расположения отдельных элементов погребального инвентаря. Размещение в погребениях бронзовых зеркал, жертвенных камней, серег, наконечников стрел, мечей и сосудов показывает существование у насельников региона в эпоху раннего железного века сложных религиозно-мировоззренческих представлений. Результаты радиоуглеродного анализа и вещественный инвентарь захоронения позволяют датировать погребальный комплекс IV-II вв. до н.э. Материалы исследования вносят существенный вклад в более глубокое понимание погребальных традиций и мировоззрения племён, населявших хребта Каратау в эпоху раннего железа.

**Ключевые слова:** Ранний железный век, могильник Каракоз, хребет Каратау, курган, погребальный обряд, пища для загробной жизни, бронзовое зеркало, жертвенный камень, археология.

#### Кіріспе


Қазақстан аумағындағы ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеу көшпелі тайпалардың әлеуметтік құрылымы, дүниетанымы мен жерлеу ғұрпының эволюциясын анықтауда ерекше маңызға ие. Әсіресе ежелгі қорымдардан алынған археологиялық деректер ежелгі қоғамдардың идеологиялық түсініктері мен мәдени байланыстарын айқындауда негізгі дереккөздердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Қаратау жотасы аймағында орналасқан археологиялық кешендер Орталық және Оңтүстік Қазақстандағы ерте темір дәуірі мәдениеттерін салыстырмалы түрде зерделеуге мүмкіндік береді.

Қаратау жотасының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Шимайлы археологиялық кешені жартас суреттері мен Қаракоз обалар қорымын қамтитын ірі көпқабатты ескерткіштер кешені ретінде сипатталады. Шимайлы археологиялық кешені Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданына қарасты Шалкия ауылының солтүстік шығысында 20 шақырым

қашықтықта, Қаратау жотасындағы Шалкия өзенінің жоғарғы ағысында орын тепкен. Ескерткіш орны 2016 ж. жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде анықталып, кейінгі жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ғылыми айналымға енгізіле бастады (Мургабаев т.б., 2020: 27-31; Мургабаев т.б., 2023: 118-133). Кешен аумағындағы жартас суреттері өзеннің жоғарғы ағысында 3,4 км созылып жатыр. Жоғарғы бөлікте жартас суреттері орта тұста бірігетін екі арнаның бойында орналасқан (1-сурет). Жартас суреттерінің хронологиялық ауқымы қола дәуірінен бастап ерте ортағасырлық кезендерге дейінгі уақытты қамтығанымен, олардың басым бөлігі ерте темір дәуірімен мерзімделеді (2-сурет). Ағыспен төмен қарай, жартас суреттерінен 0,7 км батыста обалы қорым орналасқан. Қорым пішіні төртбұрышты, үш жағы өзен аңғарымен шектелетін шағын алаңқайда орналасқан. Қорымда ежелгі дәуірге жататын 14 оба орналасқан. Кешенде бұл қорымнан бөлек жартас суреттері салынған 3 және 7 топтың етегінде тастан үйілген 2 оба анықталып отыр.

1-сурет

Шимайлы археологиялық кешенінің орналасу картасы



2-сурет

А – бірнеше кезеңнің бейнері салынған тегістік; Б – ерте темір кезеңінің петроглифтері (Шимайлы)



Қаракөз қорымындағы обаларда жүргізілген археологиялық қазбалар нәтижесінде жерлеу орындарының құрылымдық ерекшеліктері, жерлеу ғұрпы және заттай мәдениет кешені анықталды. Жерлеу орындарынан табылған қару-жарақ, әшекей бұйымдар, керамикалық ыдыстар, құрбандық тастар мен жануар сүйектері бұл өңірде өмір сүрген тайпалардың діни-идеологиялық түсініктері мен әдет-ғұрыпын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Әсіресе марқұмның жанына арғы өмірлік асын қою, жануар сүйектерін бірге жерлеу секілді белгілер көшпелі қоғамдарға тән «арғы өмірлік ас» дәстүрінің болғанын көрсетеді.

Сонымен қатар Қаракөз қорымынан алынған деректер Орталық Қазақстандағы Тасмола мәдениеті, Оңтүстік Орал мен Батыс Қазақстан аумақтарындағы савромат-сармат ескерткіштерімен мәдени-типологиялық ұқсастықтарды айқындауға жол ашады. Радиокөміртектік (AMS  $^{14}\text{C}$ ) талдау нәтижелері жерлеу кешендерінің мерзімделуін нақтылап, Қаратау өңіріндегі ерте темір дәуірі мәдени үдерістерінің ұзақ уақыт бойы сақталғанын дәлелдейді. Осы мақалада Қаракөз қорымындағы обаларға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының материалдары негізінде жерлеу дәстүрі, заттай деректердің типологиясы мен мерзімделу мәселелері кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты Қаратау өңіріндегі ерте темір дәуірі тайпаларының жерлеу ғұрпы мен дүниетанымын айқындау және оларды көршілес аймақтардағы археологиялық мәдениеттермен салыстыра талдау болып табылады.

### Негізгі материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында Үлкен Қаратудың солтүстік-батысында орын тепкен Қаракөз қорымы мен Шимайлы жартас суреттерінде жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде алынған деректер ұсынылған. Археологиялық деректер негізінде №1, №2 және №3 обалардан анықталған жерлеу орындар мен табылған жәдігерлерге кешенді түрде талдау жасалынған. Зерттеулер барысында археология ғылым саласының дәстүрлі зерттеу әдісімен қатар салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылған. Оба үйінділерінің топографиялық құрлымы, жерлеу орындарының пішіні, өлшемдері тіркелді. Далалық зерттеулер барысында реперлік нүкте негізінде биіктіктер анықталып, ашылған нысандар мен табылған

жәдігерлердің деңгейіне қарай дәл координаттарымен белгіленген. Адам қаңқалары анатомиялық қалпында (in situ) ашылып, олардың бағдарлануы, жату қалпы және қабір ішіндегі орны сипатталды.

Заттай деректерге типологиялық және салыстырмалы-тарихи талдау әдістері қолданылды. Қару-жарақ түрлері (екі жүзді темір қылыш, үш қанатты сапты жебе ұштары), әшекей бұйымдар (қола айна, алтын сырғалар, моншақтар), тұрмыстық және ғұрыптық заттар (құмыра, құрбандық тас) пішіні, жасалу техникасы және функционалдық ерекшеліктері бойынша жүйеленді. Алынған материалдар Оңтүстік Орал, Батыс Қазақстан, Орталық Қазақстан және Орта Азия аумақтарындағы савромат-сармат, тасмола және сақ мәдениеттерінің аналогиялық деректерімен салыстырылды.

Жерлеу ғұрпының семантикасын ашу мақсатында мәдени-антропологиялық және интерпретациялық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, мәйіт жанына тағам қою, жануар сүйектерінің кездесуі, құрбандық тас пен қола айнаны пайдалану сияқты белгілер «арғы өмірлік ас», ата-баба культы және өлімнен кейінгі өмірге сенім тұрғысынан талданды.

Ескерткіштердің мерзімделуін нақтылау үшін салыстырмалы-хронологиялық әдіспен қатар радиокөміртектік (AMS  $^{14}\text{C}$ ) талдау нәтижелері пайдаланылды. №3 обадан алынған адам сүйегіне жүргізілген радиокарбондық талдау деректері қазба материалдарының мерзімін б.з.д. IV–II ғасырлар аралығында нақтылауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында қару-жарақтар мен саздан жасалынған ыдыстарға салыстырмалы талдау жасай отырып мерзімдері анықталып, радиокөміртектік (AMS  $^{14}\text{C}$ ) талдау нәтижелерімен сәйкестігі анықталды. Мақалада зертханалық талдау әдісімен салыстырмалы талдау әдісі қатар қолданылып, ескерткіштің абсолюттік мерзімі анықталды.

### *Қаракөз қорымындағы археологиялық зерттеулер*

Қаракөз обалар қорымында үш обада қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба салынған обалардың көлемдері 7-18 м аралығында болса, биіктіктері 0,6-1,0 м болып келуде. Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген бір оба үйіндісінің ортасында тонаушылық салдарынан қалған шұңқыр ізі анықталды.


Қазба жұмыстары жүргізілген №1 оба аталмыш қорымның солтүстік батысында орналас-

қан. Оба үйіндісінің аумағы 9 м, биіктігі болса 0,4 м. Қазба барысында обаның орталық бөлігінде, репер нүктесінен 0,4 м тереңдіктен оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталған, беті 2 қатар

етіп ірі жалпақ тау тастармен жабылған жерлеу орны анықталды. Оның жалпы көлемі 3x1,15 м, ал жерлеу шұңқырдың ұзындығы 2,55 м, ені 1 м. (3-сурет).

### 3-сурет

Қаракөз қорымы, № 1 оба




Репер нүктесінен 0,8 м тереңдіктен бастапқы қалпында (in situ) сақталған адам қаңқасы ашылды. Қаңқа анатомиялық тұтас қалпында – шалқасынан жатқызылып, басы солтүстікке бағытталып, беті жоғарыға қараған, екі қолы және екі аяғы тігінен ұзына бойы орналасқан. Тазалау жұмыстары барысында қаңқаның сол қолы мен кеудесінің арасынан темір қылыш анықталды (4-сурет 1). Сонымен қатар, оң қолының саусақ сүйектерінің жанынан 2 дана үш қанатты (4-сурет 2), сапты темір жебе ұштары табылды. Сол иығының тұсында майда малдың омыртқа сүйегінің бір данасы анықталды. Жерленген адамның аяқ жағына құмыра қойылған (4-сурет 3).

№ 2 оба қорымының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Аумағы 15 м, биіктігі 0,7 м. Қазба барысында обаның орталық бөлігіне кесік салынды. Оба топырақ аралас тау тастарымен үйілген, шағын көлемді тастар орталық бөлігінде,

ал шеткі бөліктерінде айналдыра ірі көлемді тастардың орналасқандығы анықталды. Обаның орталық бөлігінен көлемі 2,55x1,95 м жерлеу орны солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған (5-сурет). Қабір шұңқыры ежелгі жер деңгейінен 0,6 м тереңдікке дейін ірі тау тастарымен толтырылған. Одан кейінгі 0,25 м қабат қиыршық тас аралас топырақпен көмілген. Осы деңгейден шұңқырының шығыс және батыс қапталдары 0,25-0,35 м тарылып, беті жалпақ тастармен жабылған негізгі жерлеу камерасы ашылды. Жерлеу камерасының көлемі 2,8x1,6 м, тереңдігі 1,10 м. Камераның жоғарғы орталық бөлігінен адамның бас сүйегі ашылып, одан 0,25 м төмен жерлеу камерасының еденінде мүрденің белден төменгі бөлігі бастапқы қалыпта сақталған, басқа бөліктері қабір шұңқырының оңтүстік жиегінде ретсіз орналасқан. Қабір шұңқырының пішімі төрт бұрышты, бұрыштары доғалданып келген.

4-сурет

Қаракөз № 1 (1-3), №3 (4-8) обалардан табылған заттай деректер




Қазақтың жерлеу ғұрпы жайында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген С.Ажигали, осындай үлгіде жасалған қабірлерді «жарма көр» деп атаған (Ажигали, 2005: 135-170). Адамды жарма жасап көму дәстүрінің тарихына көз жүгүртер болсақ, бұл дәстүрдің сонау ерте темір дәуірінен бері қолданылып келе жатқандығын белгілі. Мұндай үлгідегі

қабірлер Оңтүстік Орал аймағындағы Савромат-Сармат тайпаларының Дөңгелек (Кушаев, 1978: 16-29), Алебастрова (Кушаев, Железников, 1976: 75), Лебедевка (Мошкова, Железников, Кригер, 1980: 57) және Шығыс Қазақстандағы Курук қорымдарындағы обалардан анықталған (Самашев, Ермолаева, Джумабекова, 2017: 120-121).

**5-сурет**

Қаракөз қорымы № 2 оба



№3 оба жоғарыда сипатталған №2 обаның 13 м батысында орналасқан. Обаның аумағы 13 м, биіктігі 0,76 м. Оба үйіндісі мен құрылымдық ерекшеліктері №2 обаны қайталайды. Оба үйіндісінің орталық бөлігінен репер нүктесінен 1,4 м тереңдіктен (немесе ежелгі жер деңгейінен 0,64 м тереңдіктен) солтүстіктен оңтүстікке бағытталған ұзындығы 2,1 м, ені солтүстігінде 1,35 м, оңтүстігі аздап тарылған 1,15 м болатын қабір шұңқырының ізі анықталды. Ежелгі жер бедерінен 0,94 м (1,7 м репер) тереңдіктен бастап жерлеу камерасы ұзына бойы екі қапталы 0,30 м тарылады. Нәтижесінде ұзындығы 2,1 м, ені (0,25 -) 0,55 м болатын, бұрыштары доғалданып келген негізгі жерлеу камерасы анықталды. Жерлеу камерасын тазалау барысында (е.ж.д.1,14 м тереңдікте) бастапқы қалпында жерленген (in situ) басы солтүстікке бағытта-

лып, жүзі шығысқа қараған адам қаңқасы анықталды (6-сурет). Адам қаңқасының иек тұсынан ұзын тұтқалы қола айна анықталды (4-сурет 5). Бас сүйектің сол қапталынан, тігінен қойылған құрбандық тасы (4-сурет 4), мойын тұсынан қара түсті бірнеше моншақ (4-сурет 8) және бас сүйектің оң қапталынан екі алтын сырға анықталды (4-сурет 6), қаңқаның жамбас тұсынан темір қапсырманың бір бөлігі табылды (4-сурет 7).

Қазбаны толық тазалап болғаннан кейін жерлеу қабіріне тігінен қойылған пішіні төртбұрышты құрбандық тасының бетінде қола айнаның пішімін дәлме-дәл қайталайтын ақ түсті гипстің ізі сақталған. Қола айнаның сыртқы бөлігінде де гипс қалдықтары анықталды. Жерлеу барысында тасқа гипс арқылы қола айнаны жабыстырып, марқұмның жүзін сол айнаға қаратып жерлен-

гендігі анықталып отыр. Уақыт өте келе, тасқа жабыстырылған қола айна ажырап, қаңқаның кеуде тұсына құлаған.


*Қаракөз қорымындағы жерлеу орнындарда табылған жәдігерлер*

№ 1 оба. Қылыш. Темір қылыш екі жүзді, ағаштан жасалған сабының шіріндесі ғана анықталды (4-сурет 1). Қылыш кесіндісінде ромб тәрізді, жүзі ұшына қарай сүйірленіп келген. Қылыштың сақталған ұзындығы 55 см, сап бөлігінің сақталған ұзындығы 10 см.

Жебе ұштары. Темірден құйылған жебелер үш қанатты, сапты болып келген, сақталуы нашар. Сабы жартылай сақталған жебе ұзындығы 5 см, ал екінші жебе ұшының сақталған ұзындығы 3,7 см (4-сурет 2). Жебе ұштары ғұрыптық мақсатта арнайы жасалынып, қабірге қойылған болуы ықтимал. Өйткені қабірге жебенің үш бөліктері ғана қойылған және ешқандай сап бөлігінің шіріндісі анықталмады. Екіншіден жебе ұштарының бірінің қанат бөлігінде металды балқытып қалыпқа құю барысында аққан шлактары сақталған, яғни жебе қолданыста болмаған.

**6-сурет**

*Қаракөз қорымы, № 3 оба*



Құмыра қолда пошымдалып жасалынған, биіктігі 23,7 см, ернеуінің аумағы 11 см, қалыңдығы 0,8 см, бүйірінің аумағы 18 см, түбінің аумағы 10 см. Құмыраның ауыз ернеуі аздап сыртқа қайырылған, бүйірі сыртқа шығыңқы, түбі тегіс, түсі 10 YR 4/1. Зертханалық сараптаманың нәтижесінде құмыраның құрамында слюда, ұсақ тас, әк және шөп қосылғандығы анықталды. Күйдірілу деңгейі нашар (4-сурет 3).

№2 оба. Құрбандық тас – өзен малта тасынан жасалған. Пішіні төртбұрышты, бұрыштары доғалданып келген, сыртқы бөлігі аздап дөңестеу,

ішкі бөлігінің орта тұсы аздап тереңдетіліп, тегістеліп өңделген. Көлемі 24,5x19,5 см, қалыңдығы 3,5 см. Ішкі бөлігінде гипс қалдықтары сақталған (4-сурет 4).

Қола айна. Тұтқасымен қоса жалпы ұзындығы 23,4 см, тұтқасының ұзындығы 10 см, ені 1,5-2 см, тұтқаның төменгі жағы аздап доғалданып шеңбер тірізді етіп жаслған. Айнаның көру алаңының қалыңдығы өте жұқа – орталық бөлігі 3,5 мм, шеткі бөліктері 1,5 мм. Шеткі жақ бөліктері сынған (арнайы сындырылып қойылған болуы ықтимал, өйткені сынық бөліктері анықталма-

ды) аумағы шамамен 13,8 см. Ешқандай ою-өрнек салынбаған. Артқы бөлігінің ортасында ішкі шеңбер ізі байқалады (4-сурет 5).

Сырғалар. 1-ші сырға шеңбер пішінді, бір ұшында басы бірікпеген шеңбер іспеттес ілмегі бар, 2-ші сырға моншақ тастың ортасынан өткізіліп, екі шетінде қалқан іспеттес қаңылтырмен бекітіліп, жоғарғы бөлігі ширатылып кішкене шеңбер ретінде қалдырылған (мүмкін негізгі сырғаға ілінетін салпыншақ ретінде жасалған бұйым). Моншақтың төменгі бөлігінде «сіркелеу» немесе «күрделі дәнекерлеу» әдісімен жасалған майда 4 түйіршік берілген. Бұл екі сырға деп отырғанымыз мүмкін бір сырғаның құрамдас бөліктері болуы мүмкін, өйткені 2-ші сырғаның ілмекке арналған саңылауы болғанымен ілмегі жоқ (4-сурет 6).

Темір қапсырма бөлігі. Темірден жасалған тапсырманың сақталуы өте нашар. Қапсырма жұқа қаңылтарды тесіп бекіту арқылы жасалған тәрізді (4-сурет 7).

Моншақтардың көлемдері мен формалары әркелкі – аумақтары шамамен 0,5-1,1 см көлемінде. Моншақтар ақ және сұр түсті табиғи тау жыныстары мен паста іспеттес материалдардан жасалған. Жалпы саны 11 дана (4-сурет 8).

*Ескерткіштердегі жерлеу дәстүрі мен мерзімдеу мәселесі*

Екі жүзді, темір қылыштардың баламалары Оңтүстік Сібір (Хабдулина, 1994: 57), Хорезм (Шинкарь, 2001: 122-124; Обельченко, 1978: 115-127; Скрипкин, 2010: 99-119; Манилов, 1992: 60-61), Оңтүстік Орал (Васильев, 2001: 48-99; Хазанов, 1971: 15-27; Скрипкин, 2010: 195-232), Солтүстік Кавказ (Клепиков, 2007: 56-57; Кривошеев, 2007: 65-700, Солтүстік Қаратеңіз (Кривошеев, Дайченко, 2014: 42-49; Тройская, Новиков, 2007: 75) және Батыс Қазақстан аймақтарындағы көшпенді тайпалардың жерлеу орындарынан табылған (Мергалиев, Джубанов, Дияров, 2011: 8-10; Бисембаев т.б., 2005: 8-39; Железчиков, Кригер, 1979: 4-1020).

Осы типтес қылыштардың мерзімделуі мен таралу аймағы да өте кең. Хорезм аймағынан табылған бұл типтегі қылыштарды б.з.д. II – б.з. II ғғ. (Манилов, 1992: 61-63), Оңтүстік Сібір аймағынан табылған қылыштарды б.з.д. II – б.з. I ғғ. (Хабдулина, 1994: 56-57), Хорезм аймағынан табылған қылыштарды б.з.д. I – б.з. I ғғ. (Обельченко, 1978: 115-127), Оңтүстік Орал, Солтүстік Кавказ және Солтүстік Қаратеңіз аймақтарынан табылған қылыштарды б.з. II – б.з. IV ғғ. (Хаза-

нов, 1971: 20-24; Кривошеев, 2007: 65; Sizdikov, Seraliyev, 2022: p. 1118), Солтүстік Қаратеңіз аймағында осы үлгідегі қылыштардың б.з. VI ғ. дейін қолданылғандығы белгілі болуда (Симоненко, 2010: 61).

Ежелгі көшпенділердің жерлеу орындарында қаза тапқан адамның қабіріне күнделікті тұрмыста қолданған заттарынан бөлек, арнайы жерлеуге ғұрыптық мақсатта қойған жебе ұштары көптеп кездеседі. Батыс Қазақстан территориясында орналасқан Ақадыр, Сабибұлақ, Ақсай және Илекшар (Sizdikov, 2016: 134), Аржан және Шілікті қорымдарындағы жерлеу орнындардан бірер дана табылған ғұрыптық мақсатта қойылған жебе ұштар бұл пікірімізге негіз болады (Бейсенов, Джумабекова, 2017: 34).

Ежелгі дәуірлерде қоғамда жебе ұшының қорғаушы қасиеті бар екендігі жайында сенім қалыптасқан. Сол себепті қабірге бірер дана ғұрыптық сипатта, марқұмды зұлым күштерден қорғасын деген мақсатта жебе ұштарын қоятын болған. Бұл пікірімізге Понтус патшасы VI Митридаттың Қара теңіздің оңтүстігінде орналасқан әскери қамалдарының бірі Курул қамалының басты қақпасынан табылған қаланың қорғаушы құдайы (Құдай ана) Кибелемен бірге табылған жебе ұштар негіз бола алады (Şenyurt, Durugönül, 2018: 318). Бұл қала халқы қаланың қорғаушы құдайы Кибеленің тағының астына жебе ұштарын арнайы қойған. Сонымен қатар, ежелгі дәуірлерде жауынгерлер жорыққа аттанар алдында құдай бізді қорғап жүрсін деген мақсатпен құдайға құрбандық шалып, жебе ұштарын арнайы сыйлық ретінде тарту ететін болған (Hellmuth, 2014: 26; Zunal, 2017: 42).

Қаракөз қорымынан табылған үш қанатты сапты темір жебе ұштарының баламалары Оңтүстік Орал аймағындағы Сладков, Попов (Максименко, 1983: 198-219), Матвеевка, Алебастрова Гора, Сара (Смирнов, 1961: 124-140) және Мечетсай (Смирнов, 1975: 92-130), Хорезм аймағындағы Куюсай (Ваинберг, 1979: 9-13), Алтай аймағындағы Бобровский қорымдарындағы жерлеу орындардан табылған (Шамшин, Фролов, Медникова, 1996: 69-88).

Зерттеуші ғалымдар Оңтүстік Орал аймағынан табылған бұл үлгідегі жебе ұштарды б.з.д. IV-III ғғ. жатқызса (Смирнов, 1961: 62). Батыс Қазақстан территориясында өмір сүрген көшпелі тайпалар бұл үлгідегі жебе ұштарды б.з.д. IV ғасырдан бастап қолдана бастағандығын алға тартады (Железчиков, Клепиков, Сергацков, 2006: 38-39). Дегенмен, үш қанатты сапты темір

жебе ұштарының Орталық Азияда б.з.д. II – б.з. IV ғғ. аралығында кеңінен қолданыста болғандығы анықталды.

Бұл № 1 обадан табылып отырған құмыраның баламалары Орталық Азиядағы сақ-үйсін кезеңіне жататын ескерткіштерден кездестіруге болады. Жетісу өңіріндегі Қаратұма жерлеу орындарынан табылған саз ыдыстарды зерттеген Е.Ш.Амиров, мұндай үлгідегі құмыраларды б.з.д. VI-III ғғ. жатқызған (Амиров, 1916: 34-41). Арал теңізінің оңтүстік-шығысындағы Шірік-рабат мәдениетіне жататын кесенелерді зерттеген Б.И.Вайнберг пен Л.М.Левина мұндай үлгідегі құмыраларды б.з.д. IV-II ғасырларда кеңінен қолданыста болғандығын атап өткен (Вайнберг, Левин, 1993: 37-55).

Жерлеу орындарында жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында марқұмның жанынан ірілі-ұсақты мал сүйектері жиі кездеседі. Зерттеуші ғалымдар бұны көшпелі қоғамында марқұмды жерлеп қана қоймай, өлімнен кейінгі өмірмен байланыстыра отырып түсіндіреді. Яғни ежелгі тайпалар қаза тапқан туысын арулап жерлеп, арғы өмірлік азығы ретінде оның жанына тағамдар мен сусындар қоятын болған. Ғылыми еңбектерде бұл ұғым «арғы өмірге арналған ас» ретінде түсіндіріледі. Ерте темір дәуірінде өмір сүрген көшпелі тайпаларға тән жерлеу орындарда саздан немесе ағаштан жасалған ыдыстар, қазандар мен тостақтар, пышақтар мен қасықтардың, кейде мінер атына дейін қосып жерлеу соның айғағы. Яғни ежелгі қоғамда марқұмның арғы өмірде де азыққа мұқтаж болады деген түсінік болған. Сол себепті наным-сенімдерімен байланыстыра отырып, марқұмға арнайы ас әзірлеп, оның жанына қойып жерлейтін болған. Бұл үрдіс тірілер мен өлілер арасындағы байланыстың көрінісі ретінде қарастырылып, марқұмның рухын азықтандырумен шектелген. Марқұм болған ата бабаларының рухы үшін құрбандықтар шалып, шалған құрбандықтар арғы өмірдегі марқұмдарға жетеді деген түсінік қалыптасқан. Сонымен қатар аталмыш дәстүр әлеуметтік мәртебені де көрсеткен. Патша обаларынан бірнеше құрбандықтар мен көптеген ыдыстардың табылуы, қарапайым адамның жерлеу орнынан ұсақ мал сүйегінің бір бөлігінің қойылуы немесе бір ыдыстың қойылуы ежелгі қоғамдағы әлеуметтік мәртебесін көрсеткен. Археологиялық зерттеулер негізінде анықталған бұл дәстүр ежелгі тайпалардың дүниетанымында жерлеу дәстүрі материалдық ғана емес, рухани идеологиялық сипатта болғандығын көрсетеді. Марқұмның

жанына арғы өмірлік азық ретінде қойылған ұсақ мал сүйектері Оңтүстік Орал аймағындағы Lebedevka Лебедевка (Железчиков, Клептков, Сергацков, 2006), Kos Oba Қособа (Железчиков, 1998), Alebastrova Алебастрова (Кушаев, Железчиков, 1974), Бүлдүрта (Сдыков т.б., 2004), Балқаш көлінің солтүстік-шығысында орналасқан Қайрақтас, Құрбақанас, Жалғызтау және т.б. қорымдарындағы жерлеу орындарынан табылған (Sizdikov, 2016).


Салыстырмалы талдау жұмысының нәтижесінде, жоғарыда келтірілген деректерді негізге ала отырып, Қаракөз қорымындағы №1 обاداғы жерлеу орнын б.з.д. III-II ғғ. мерзімделеді.

Қаракөз қорымының № 3 обاداғы жерлеу рәсімінде мәйіттің жанына құрбандық тасын және қола айнаны қою дәстүрін, Қаратау өңіріндегі б.з.д. V-IV ғасырлар аралығына жататын Жасажырық, Талдысу және Шығыс Қазақстандағы Байке қорымдарындағы жерлеу орындардан кездестіруге болады (Ақышев т.б., 2011: 7-12; Бейсенов, 2017: 67-75). Олардың жерлеу дәстүрінде кездесуі, сол кезеңдегі тұрғындардың дүниетанымы мен діни наным – сенімдеріне байланысты зерттеулерді құрлығымыздың барлық бөлігінен кездестіруімізге болады (Вагнер, 2012: 168-176; Хазанов, 1964: 89-96).

